

## **2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін кредиттеу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 21 қаулысы.  
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 16 ақпанда N 1149 тіркелді

2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізу және "2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарды кредиттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қаңтардағы N 38 қаулысын орындау үшін облыс әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Облыстық бюджеттен өзгерістер қосымшаға сәйкес облыс мәслихат сессиясына бекітілуге енгізілсін.

2. 10.1.257.010.000 Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді кредиттеу»бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаменті тағайындалсын.

3. 16.1.260.006 Жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеу»бюджеттік бағдарлама 2004 қаржылық жыл ішінде секвестрленуге жатпайды деп белгіленсін.

4. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаменті ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кредиттеуді кредиттеу жөніндегі операцияларын қолданыстағы заңдарға сәйкес жүзеге асыратын ұйымдар а р қ ы л ы жү р г і з с і н .

5. Қоса берілгендер бекітілсін:

1) 2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқым улағыштар, ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер және ауыл шаруашылық техникасын жалға алу немесе сатып алу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кредиттеу Ережесі;

2) Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге берілген бюджеттік кредиттік ресурстарға қол жеткізімділігін және мақсатты пайдаланылуын бақылау мәселелері жөнінде облыстық ведомствоаралық комиссия құрамы.

6. Қаржы департаментіне кредиттерді мақсатты пайдаланылуына бақылау жасасын, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаменті кредитті толық және белгіленген мерзімде қайтаруды қамтамасыз етсін.



тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқым улағыштар, ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға және ауыл шаруашылық техникасын жалға алуға немесе сатып алуға қайтарымдылық, мерзімділік және қамтамасыздығы шарттарында нөлдік сыйақысы ставкасы бойынша кредиттеу үшін бөледі.

3.2. Облыстық бюджетті нақтылауда кіріс бөлігінде 601601 "Республикалық бюджеттен берілетін кредиттер", 501603 Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге берілген кредиттерді қайтару» кодтар бойынша түсімдер қарастырылады. Шығыстар бөлігінде - 10.1. 257. 010. 000 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді кредиттеу", коды 161260006 "Жергілікті атқарушы органның қарызын өтеу»бағдарламалары бойынша шығыстар қарастырылады.

3.3. Бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес заем беруші Банктерді айқындайды, олармен жанар-жағар май материалдарын (кредиттік ресурсының 80% кем емес), тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқым улағыштар, ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға және ауыл шаруашылық техникасын жалға алуға немесе сатып алуға кредиттік жүйеге қызмет көрсетуге және кредиттік ресурстарды облыстық бюджетке 2004 жылғы 15 қарашадан кешіктірмей қайтаруға кредиттеу келісім-шартын жасайды. Кредиттеу келісім-шартында заем беруші Банктер берілген кредиттер үшін оператормен және соңғы заем алушылармен есеп айырысу жағдайларына тәуелсіз алынған қаражаттарды облыстық бюджетке қайтару міндеті айтылады.

3.4. Бағдарлама әкімшісі мен заем беруші Банктер арасындағы кредиттік келісім-шарт жергілікті атқарушы органда тіркеледі.

3.5. Заем беруші Банк сәйкес келісім-шарт негізінде ауыл шаруашылығы тауарлар өндірушілерге,Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тәжірибелік кәсіпорындарына (станцияларына)мақсатты кредиттер береді.

3.6. Ведомствоаралық комиссия кредиттік ресурстарын ауылшаруашылық тауар өндірушілер арасында бөлінуін бақылайды.

3.7. Қарызға алған қаражатты республикалық бюджетке қайтару ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін жасалады.

3.8. Кредиттік ресурстарды дер уақытында қайтарылмаған немесе мақсатты пайдаланылмаған жағдайда облыс әкімдігі жасалған кредиттік келісім-шартқа сәйкес заем беруші Банкке санкция ұсынады.

|                     |                       |                 |                   |       |
|---------------------|-----------------------|-----------------|-------------------|-------|
| О б л ы с           | ә к і м д і г і н і ң |                 |                   |       |
| 2 0 0 4             | ж ы л ғ ы             | 3               | а қ п а н д а ғ ы | N 2 1 |
| қ а у л ы с ы м е н | б е к і т і л г е н   |                 |                   |       |
| 2 0 0 4             | ж ы л ғ ы             | к ө к т е м г і | е г і с           | ж әне |

егін жинау жұмыстарын жүргізуді  
ұйымдастыруға ауыл шаруашылық  
тауар өндірушілерін кредиттеу туралы

**Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге берілген бюджеттік кредиттік ресурстарға қол жеткізімділігін және мақсатты пайдаланылуын бақылау мәселелері жөнінде облыстық ведомствоаралық комиссия құрамы**

|                                  |                                                                                                                                                                      |
|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сүлейменов<br>Серік Ирмашұлы     | Комиссия төрағасы,<br>облыс әкімінің бірінші орынбасары                                                                                                              |
| Сюникаев<br>Рашид Абдулович      | Комиссия төрағасының орынбасары,<br>ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаментінің бастығы                                                                    |
| Комиссия мүшелері:               |                                                                                                                                                                      |
| Айнабеков<br>Ержан Токтасынұлы   | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасының бастығы (келісім бойынша)                                       |
| Лаптев<br>Владимир Борисович     | Жер ресурстарын басқару жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті бастығының орынбасары (келісім бойынша)                                                      |
| Молдашев<br>Амандық Тұрсынұлы    | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің бақылау комитетінің басқармасының бастығы (келісім бойынша)                        |
| Пономарев<br>Олег Евгеньевич     | Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттігі департаментінің директоры (келісу бойынша) |
| Оразалинов<br>Қаршыға Амантайұлы | Қаржы департаменті бастығының орынбасары, бақылау- тексерушілік басқармасының бастығы                                                                                |
| Кунгурцева<br>Людмила Николаевна | Комиссия хатшысы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары департаментінің есеп жүргізу және қаржыландыру -бөлімінің бастығы                                            |

**Облыстық әкімдіктің**  
**2004 жылғы 3 ақпандағы N 21**  
**қаулысына қосымша**

**2004 жылға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізу туралы**

1. Облыстық бюджет кірістері 2000000 мың теңгеге көбейтілсін, соның ішінде:

| С а<br>нат | С ы<br>нып | Кіші сынып | Ерекшелігі | Атауы                                                    | Сомасы мың теңге |
|------------|------------|------------|------------|----------------------------------------------------------|------------------|
| 1          | 2          | 3          | 4          | А                                                        | В                |
| 6          | 01         | 6          | 01         | Республикалық бюджеттен түсетін кредиттер                | 1000000          |
| 6          | 01         | 6          | 03         | Ауыл шаруашылық өндірушілеріне берілген кредиттерді өтеу | 1000000          |
|            |            |            |            | <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                           | <b>2000000</b>   |

2. Облыстық бюджет кірістері 2000000 мың теңгеге көбейтілсін, соның ішінде:

| Ф у н к<br>ционалдық<br>топ | Функция | Мекеме | Бағдарлама | Атауы                                                                                      | Сомасы мың теңге |
|-----------------------------|---------|--------|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1                           | 2       | 3      | 4          | А                                                                                          | В                |
| 10                          | 1       | 257    | 010        | Ауыл шаруашылығы тауарөндірушілері<br>нің көктемгі егіс және жинау жұмыстарын<br>кредиттеу | 1000000          |
| 16                          | 1       | 260    | 006        | Жергілікті атқарушы органның борышын<br>өтеу                                               | 1000000          |
|                             |         |        |            | БАРЛЫҒЫ                                                                                    | 2000000          |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК